Венчурлік капиталдың инвестициялық бағдарламасының екінші фазасы ВКИБ-2)

Орналасқан жері:
Өңірлік жоба

Жобаның нөмірі:
51558

Сала:
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Мемлекеттік/жеке сектор:
жеке

Экологиялық санаты:
Тетік

Директорлар кеңесінің қарауы үшін белгіленген мерзім:
27 қараша 2019 жыл

Жағдайы:
Түпкілікті қараудан өтті, Кеңестің бекітуі күтілуде

Жоба түйіндемесі ағылшын тілінде жарияланатын күн:
25 қазан 2019 жыл

Жобаны сипаттау

ЕҚДБ-ның қолданыстағы бағдарламасы (ВКИБ) мен оның 100 млн. еуро көлеміндегі мақсаттық негіздемелік тетігінің жалғасына айналған Венчурлік капиталдың екінші инвестициялық бағдарламасының (ВКИБ-2) көмегімен Банк тәжірибелі венчурлік тең инвесторлармен бірлесіп Банк операциялары жүргізілетін елдерде технологиялық компанияларға инвестицияларды үлестік және квазиүлестік инвестициялар (15 млн. еуро мөлшеріне дейін инвестициялық мәмілелер) нысанында себу және өсу сатысында дамытады. Инвестициялардың объектілері венчурлік инвестициялық бизнестің дамымағандығы салдарынан жеткілікті қаржыландыру алмайтын инновациялық, тез дамушы шағын және орта компаниялар болып табылады. Инвестициялардың даму қарқындарын сақтау үшін және дайындалатын жобаларды қаржыландыруға сұранысты қанағаттандыру үшін ВКИБ-2-нің инвестициялық кезеңінің қалғанына қосымша қаражат сұралады.

Жобаның мақсаттары

i) ВКИБ Банктің өңірде білім экономикасын, жоғары технолониялар экожүйесін дамытуына және инновацияларды қолдауына мүмкіндік береді; ii) ВКИБ-ға сүйене отырып, Банк өңірдегі венчурлік қаржыландыру жеткіліксіздігінің орнын толтыруда маңызды роль атқарады; iii) ВКИБ Банктің жоғары тәуекелді, алайда жоғары табысты инвестицияларға қатысты қоржын тәсілдемесін сақтауына мүмкіндік береді.

Өтпелі процеске әсер етуі

ВКИБ-2 тетігі өтпелі типті экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін және өміршеңдігін нығайтуға, жас жоғары инновациялы технологиялық компанияларды дамытуға, сонымен қатар ЕҚДБ өңірінде енді ғана туындай бастаған венчурлік капиталға қолжетімділікті кеңейтуге ықпал етуге арналған. ВКИБ-2 тетігі бірінші тетік - ВКИБ-1 табысын дамытуды және білім экономикасы саласындағы ЕҚДБ Бастамасымен, атап айтқанда оның «Шағын технологиялық компаниялар» үшінші бағытымен қарастырылғандай, ЕҚДБ өңірінде ғылымды көп қажетсінетін экономиканы дамытуға түйінді қолдау көрсетуді көздейді.

Клиент туралы ақпарат

Жоба сайын

ЕҚДБ қаржыландыруы

50 млн. еуро

Жобаның жалпы құны

50 млн. еуро

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер

Тетіктің өзі ЕҚДБ-ның 2014 жылғы Экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкес санаттардың қандай да біреуіне жатқызылмаған, алайда әрбір ішкі жоба

экологиялық және әлеуметтік кешенді тексерудің (ЭӘКТ) және ШТК компоненттерін нақты жобалар мен клиенттерге қатысты талдаудың нәтижелері бойынша жеке негізде қандай да бір санатқа жатқызылатын болады. Қандай да бір ішкі жобаның қай санатқа жатқызылғандығына байланысты, ЭӘКТ жүргізген кезде әрбір ішкі жоба құрылымының ЕҚДБ ТР талаптарына сәйкестігі бағаланатын болады.

Техникалық ынтымақтастық

Жоқ

Компаниядағы келісімшарттық тұлға

Бахром Ибрагимов
+44 20 7338 6000

Жобаларға қатысудың мүмкіндіктері

Жобаға немесе сатып алуларға қатысу мәселесі бойынша компания-клиентке жүгінуіңізді өтінеміз.

Мемлекеттік сектордағы жобалар: EBRD Procurement қараңыз. Анықтамалар:
тел. +44 20 7338 6794
эл. пошта: procurement@ebrd.com

Жалпы анықтамалар

Сатып алуды жүзеге асырумен байланысты емес ЕҚДБ жобалары бойынша анықтамалар:
Тел.: +44 20 7338 7168; эл. пошта: projectenquiries@ebrd.com

Жұртшылықты хабардар ету қағидаттары (ЖХЕҚ)

ЖХЕҚ ЕҚДБ стратегияларын, саясатын және операциялық қызметін тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу үшін ЕҚДБ-де белгіленген ақпаратты ашу және мүдделі тараптармен кеңесулер жүргізу тәртібін анықтайды.

ЖХЕҚ мәтін

Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган (ШҚО)

Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган (ШҚО) ЕҚДБ қызметінің есептілігін қамтамасыз ететін механизм болып табылады. Ол өтінішкерлердің пікірінше экологиялық және (немесе) әлеуметтік зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деген, Банкпен қаржыландырылатын жобаларға қатысты жеке тұлғалармен ұйымдардан келіп түсетін шағымдарды тәуелсіз қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Шағым беру нысандары туралы ақпаратты Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган сайтының парақшасынан қараңыз. ШҚО рәсімінің ережелеріне сәйкес, шағым беруге немесе оларды тіркеумен олардың тиімділігін мойындауға қойылатын талаптарға қатысты өзіңіздің кез-келген сұрақтарыңызға жауап алу үшін келесі мекенжай бойынша ШҚО уәкіліне жүгінсеңіз болады: pcm@ebrd.com.